

Ақпараттық технологиялардың білім берудегі мүмкіндіктері
Есенова Роза Кадырбаевна – магистр педагогических наук, старший преподаватель университета «Болашак», Қызылорда қаласы
Зинаханова Улбосын Туребековна – магистр педагогических наук, преподаватель университета «Болашак», Қызылорда қаласы

Кожаягелдиева Назерке Тұрмағанбетқызы – магистрант университета «Болашак», Қызылорда қаласы

В данной статье исследованы использование информационной технологий в образовании. Определены педагогические цели и возможности информационной технологий в процессе обучения.

This article investigates the usage of informational technologies in education. Pedagogical aims and opportunities of informational technologies in the process of education are distinguished.

XXI ғасыр техниканың қарыштап дамуымен ерекшеленеді. Инновациялық технологиялар білім беру мен ғылымның дамуына шексіз мүмкіндіктер береді. Осы орайда, мемлекетіміз инновациялық технологияны білім, ғылым, денсаулық сақтау, экономика, өндіріс салаларына тиімді енгізуге басты назар аударып отыр. 2018 жылдың 10 қаңтарында жарияланған Нұрсұлтан Назарбаевтың “Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері” атты Жолдауында: **«Жоғары білім беру ісінде жасанды интеллектпен және «үлкен деректермен» жұмыс істеу үшін ақпараттық технологиялар бойынша білім алған түлектер санын көбейту керек»,** - деп атап көрсетті [1].

Бүгінгі жоғары орнында білім алушы түлектер - ертеңгі өндірістегі кәсіби мамандар. Ал білім беруді ақпараттандыру, сол салада ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды тиімді пайдалану болашақ мамандардың біліктілігімен сипатталады.

Қазіргі мектеп мұғалімдерінің кәсіби дамуының маңызды мәселелерінің бірі - олардың ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды пайдалану саласындағы жеткіліксіз кәсіби деңгейі. Мұғалімдердің кәсіби деңгейінің жеткілікті деңгейде қалыптаспауы оқушыларды оқыту тиімділігінің айтарлықтай төмендеуіне әсер етеді.

Осыған орай, мұғалім ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялар саласындағы білімді игеріп қана қоймай, сонымен қатар оларды өз кәсіби іс-әрекеттеріне қолданатын маман болуы қажет. Мұндай мақсатқа білімді ақпараттандыру және оқудағы мәселелерді ақпараттық технологияларды қолдану арқылы қол жетуге болады.

Ақпараттық және қатынастық технологиялар (АҚТ) – бұл ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу тасымалдау алгоритмін және әр түрлі әдістерді тәсілдерді сипаттайтын жалпылама ұғым.

Бұл анықтамаға «қолдану» сөзі әдейі енгізілмеген. Ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды қолдану ақпараттандыру технологиясының бөлшегі болып табылатын тағы бір технология туралы айтуға мүмкіндік береді, яғни ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды білім беруде, медицинада, әскери және адамның басқа да іс-әрекеті саласында қолдану технологиясы. Бұл салалардың әрқайсысы ақпараттандыру технологиясына өз шектеулері мен ерекшеліктерін жинақтайды. Мысалы ретінде ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялар ретінде қарастырылатын Интернет технологиясын келтіруге болады. Алайда мектеп оқушыларын оқытуда Интернетті қолдану технологиясын ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялар ретінде емес, жалпы білім беретін орта білім беруді ақпараттандыру технологиясы ұғымы білім беруді ақпараттандыру технологиясы ұғымы білім беру жүйесінде ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды қолдану технологиясына қарағанда, мейлінше кең ауқымды екендігін түсіну маңызды. Бұл ұғым білім беруді ақпараттандыру мақсатына жетуді қамтамасыз ететін тәсілдердің, әдістердің барлық жиынтығын қамтиды [2].

Педагогика ғылымында білім беру саласында ақпараттық технологияны қолдану мәселесі көптеген шерелдік және отандық ғалымдардың қызығушылығын тудырып отыр. Білім беруде ақпараттық технологияны қолдану мәселесінің шешімін табуға шетелдік және ресейлік ғалымдар: Г.Р. Громов, В.И. Гриценко, В.Ф. Шолохович, О.И. Агапова, О.А. Кривошеев, С. Пейперт, Г. Клейман, Б. Сендов, Б. Хантер және т.б. зор үлес қосты. [3]

Бүгінгі күні республика көлемінде де ақпараттандыру мәселесімен айналысып жатқан бірқатар ғалымдардың ғылыми мектептері бар. Олар:

- профессор Б.Б.Баймұхановтың еңбектерінде оқыту үдерісінде компьютерлік технологияларды енгізу мәселелері қарастылады, осының негізінде оқыту үдерісінде әртүрлі бағдармалық құралдарды қолданудың әдістемесі жасалған (Б. Д. Сыдықов, Р. С. Шуақбаева, Р. Б. Бекмолдаева, А. Ө. Байдыбекова және т.б.);

- профессор Е.Ы.Бидайбековтың еңбектерінде студенттерді ақпараттық технология құралдарын қолдануға әдістемелік мамандарды дайындау мәселесімен айналысқан (Ж. Қ. Нұрбекова, Г.Ж.Ниязова, Ш. Шекербекова, А. Ибашова, Э. А. Абдукаримова және т.б.);

- профессор Ж.А. Қараевтың еңбектерінде ақпараттық – қатынастық технологияны жалпы орта мектептің оқу үдерісінде пайдалану, орта және жоғары оқу орындарында информатиканы оқыту мәселелері қарастырылған (М. Б. Есбосынов, Ж. С. Сардарова, С.Т. Мұхамбетжанова, Б.Т. Абықанова және т.б.);

- профессор Г.Қ.Нұрғалиеваның еңбектерінде білім беруді ақпараттандыру жағдайында электрондық оқулықтарды дайындаудың педагогикалық негіздері мен түрлі оқыту мақсатындағы бағдарламалық құралдарды жасау мәселелері қарастырылған. Білімді ақпараттандырудың

педагогикалық тұырымдамасын жасады. (Д.М.Жүсіпалиева, Ш.Т.Абишева, Ш.Х.Құрманалина және т.б.) [4].

Қазіргі заманғы ақпараттық технологиялар:

- мультимедиалық технология;
- қашықтан оқу технологиясы;
- гипермәтіндік оқыту жүйесі;
- интеллектуалды оқыту жүйесі;
- ақпараттық модельдеу технологиясы;
- виртуальды шындық.

Ғалым И.В.Роберт заманауи ақпараттық технология құралдарын қолданудың келесі негізгі педагогикалық мақсаттарын ұсынады:

- заманауи ақпараттық технология құралдарын қолдану арқылы оқу-тәрбие үдерісінің барлық деңгейінің интенсификациясы;
- оқу үдерісінің тиімділігін және сапасын арттыру;
- танымдық әрекеттердің белсенділігін арттыру;
- пәнаралық байланысты тереңдету;
- қажетті ақпараттың көлемін ұлғайту және іздеуді оңтайландыру [5].

Ақпараттық технологияларды тиімді қолдану арқылы төмендегі көрсетілген педагогикалық мақсаттарға жетуге болады:

- білім алушының заманауи жан-жақты дамуын қамтамасыз ету
- ақпараттық мүмкіндіктерді пайдалана отырып, оқу үдерісінің сапасын және тиімділігін арттыру;
- оқу орындарында оқу-тәрбие үдерісін басқару;
- оқу үдерісін бақылау және бағалау;
- алдыңғы қатарлы ғылыми-интеллектуалды ақпараттарға қол жеткізу;
- ғылыми- әдістемелік тәжірибе алмасу және тарату.

Жалпы ақпараттық технологияларды оқу үдерісінде қолдану білім алушылардың оқуға қызығушылығын, танымдық белсенділігін, өзіндік жұмыстардың тиімділігін, шығармашылық қабілеттерін дамыту және оқу үдерісіндегі жаңа мүмкіндіктердің ашылуына ықпал етеді.

Қолданылған әдебиеттер:

1.2018 жылдың 10 қаңтарында жарияланған Нұрсұлтан Назарбаевтың “Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері” атты Жолдауы akorda.kz/kz/events/memleket-basshysy...zhana-2018

2.Е.Ы.Бидайбеков, В.В.Гриншкун, Г.Б.Камалова,Д.Н.Исабаева, Б.Ғ.Бостанов Білімді ақпараттандыру және оқыту мәселелері.Оқулық Алматы,

3.Петухова Е.И. Информационные технологии в образовании // Успехи современного естествознания. – 2013. – № 10. 4.

4.Ф. Б. Бөрібекова , Н. Ж. Жанатбекова Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар. Оқулық. – Алматы:2014-

5.Роберт И. Современные информационные технологии в образовании М.: Школа-Пресс, 1994.

